

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі  
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Заң институты  
Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасы**

**Бекітемін**  
**Академия бастығының**  
**оқу ісі жөніндегі орынбасары**  
**З.Ғ.К.,**  
**полиция полковнигі**  
**Ж.А.Кенбаев**  
**2019 ж. «\_\_\_» \_\_\_\_\_**

**КРАК (ЗНВ) 2215 - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ (ЖАЛПЫ БӨЛІМ)  
пәні бойынша  
ЖҰМЫСТЫҚ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ (SYLLABUS)**

**5В030300 – «Құқық қорғау қызметі» мамандығы үшін**

**оқыту нысаны: күндізгі**  
**курс: 2**  
**семестр: 3**  
**кредит саны: 2 (90 сағат)**  
**дәріс: 15**  
**семинар: 15**  
**КООЖ: 15**  
**КӨЖ: 45**  
**Емтихан: 93**

**Қарағанды – 2019 жыл**

**«КРАК (ЗНВ) 2215 - Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы пәні бойынша «5В030300 – құқық қорғау қызметі» үшін жұмыстық оқу бағдарламасы (SYLLABUS)**

**Құрастырған: Райбаев Даулет Кумарбекович, азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы.**

**Кафедраның 2019 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ отырысында талқыланды.  
№\_\_ хаттама.**

**Азаматтық-құқықтық пәндер  
кафедрасы бастығы  
полиция майоры**

**Д.К. Райбаев**

**Академияның Оқу-әдістемелік кеңесімен бекітілді.  
2019 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_. №\_\_ хаттама.**

© Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы,  
2019 ж.

## 2.1 Негізгі ақпарат:

1. Шифр және мамандық атауы	«5B030300 – құқық қорғау қызметі»
2. Курс, семестр	2 курс, 3 семестр
3. Пән циклы	Таңдау бойынша компонент KPAK (ZHB) 2215
4. Кредит саны	2
5. Сабақ өткізу орны	Оқу аудиториялары, дәріс залы
6. Дәріскер (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы полиция капитаны, «құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) Райбаев Даулет Кумарбекович Жұм. тел. 30-33-80
7. Қалған сабақ түрлерін жүргізетін оқытушылар (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы полиция капитаны, «құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) Райбаев Даулет Кумарбекович Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры Рахимберлин Ойрат Нурашевич Жұм. тел. 30-33-80

## 2.2 Курс пререквизиттері.

Бұл курсты бастамас бұрын 2 курс курсанттарымен “Мемлекет және құқық теориясы”, “Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы”, “Рим құқығы” пәндерімен оқытылатын құқықтық және тарихи білімдер алынуы тиіс.

## 2.3 Курстың постреквизиттері.

Азаматтық құқықтың жалпы бөлімін зерделеп болған соң келесі пәндер оқытылуы тиіс: Азаматтық құқық (ерекше бөлім), Азаматтық іс жүргізу құқығы, Шарттық құқық, Отбасы құқығы, Кәсіпкерлік құқық, Халықаралық жеке құқық және сол сияқты тағыда басқа заң пәндер. Бұл оқу курстары негізінен қазіргі заман ағымына сәйкес жаңа нарықтық қатынастарды дұрыс қалыптастыруда азаматтық құқық саласының алатын орны мен мәнін жетік түсініп, алған білімдерін тәжірибеде азаматтық қатынастарды қалыптастырушы жеке және заңды тұлғалар арасындағы мүліктік немесе жеке мүліктік емес қатынастар бойынша туындайтын мәселелерді шешуде құқықтық білім өрісінің кеңейуіне ықпалын тигізуге негізделген. Рим құқығын және өзгеде теориялық

ғылымдарды зерделесімен жоғарыда қарастырылған салалық пәндерді, арнайы курстарды оқу арқылы болашақ заңгер заң саласының алуан түрлі қыр-сырларын талқылай отырып мамандандырылған біліктілік іс-әрекетін жандандыруда қажетті ақпараттар алады.

## **2.4 Пәннің қысқаша мазмұны**

“Азаматтық құқық” оқу пәндерінің ішіндегі негізгі салалардың бірі болып табылады. Оның басты орны мемлекеттегі нарықтық экономиканың негізгі құралы болып табылатын тауар-ақша қатынастарын реттеу мен дамыту негіздерін жүзеге асырумен тығыз байланысты. Азаматтық құқықты жүзеге асыру, қорғау және құқықтық реттеу ең алдымен азаматтық құқық субъектілері арасында пайда болатын қатынастарды сақтаудың кепілі болып саналады. Азаматтық құқық осы көрсетілген қатынастарды жетік зерттеу арқылы олармен қатынасқа түсуші субъектілерге тиісті құқықтық нәтижеге қол жеткізу мақсатында, өзіндік құқықтар мен мүдделерін жүзеге асыруға кеңінен мүмкіндік береді. Бұнымен қатар зерделенбекші отырған мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастар нормасының жүйесі әліде толық жетілдірілмеген. Осыған сәйкес азаматтық құқықтық қатынастарда, азаматтық заңдарды дұрыс, әрі мақсатына сай қолдану, құқықтық қатынастардың туралығы және бұзылған құқықтарды қалпына келтіру жағдайларында білікті қолданылған заңның, тиісті шешімге келуде ықпалын тигізеді.

Азаматтық құқық курсының басты мақсаты ретінде бұлармен қатар осы саланы зерделеуде қажетті нормалар мен қағидаларды, азаматтық заңдылықтың тәжірибедегі қолданысын қарастыра отырып, ол жайында мағұлымат беруді басшылыққа алады. Сонымен қатар ерекше бөлімді қарастыру барысында осы жалпы бөлімді жетік түсінген жөн, себебі осы жалпы бөлім жалпы азаматтық құқықтың негізін қалыптастырады.

Азаматтық құқық пәнін жетік түсінуде мына пәндерді терең зерделеген жөн: “Мемлекет және құқық теориясы”, “Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы”, “Рим құқығы”.

## 2.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

№	Жұмыс түрлері	Мазмұны және мақсаты	Ұсынылған әдебиеттер тізіміне сілтеме	Бақылау нысаны (рейтинг-)	Балл (рейтинг-шкалаға байланысты)	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8
1	1.Дәріс конспектілерін тексеру; 2.Кесте құрастыру; 3.Есептер шығару.	Ағымдағы бақылау	3.7. ұсынылған әдебиеттер тізіміне қараңыз	0-100	0-100	Жауап Конспект	кесте бойынша
1.	1.Тақырып бойынша ауызша жауап беру; 2.Кесте құрастыру; 3.Есептер шығару.	Ағымдағы бақылау	3.7. ұсынылған әдебиеттер тізіміне қараңыз	0-100	0-100	Жауап Конспект	кесте бойынша
2.	1.Тақырып бойынша ауызша жауап беру; 2.Есептер шығару; 3.Ағымдағы тестілеу.	Ағымдағы бақылау	3.7. ұсынылған әдебиеттер тізіміне қараңыз	0-100	0-100	Жауап Конспект Тест	кесте бойынша
3.	1.Тақырып бойынша ауызша жауап беру; 2.Тақырып бойынша НҚА тексеру; 3.Есептер шығару; 4.Ағымдағы тестілеу; 5.Іскер	Ағымдағы бақылау	3.7. ұсынылған әдебиеттер тізіміне қараңыз	0-100	0-100	Жауап Конспект Тест	кесте бойынша

	ойын;						
4.	1.Тақырып бойынша ауызша жауап беру; 2.Тақырып бойынша НҚА тексеру; 3.Есептер шығару; 4.Ағымдағы тестілеу; 5.Іскер ойын;	Ағым-дағы бақылау	3.7. ұсынылған әдебиеттер тізіміне қараңыз	0-100	0-100	Жауап Конс-пект Тест	кесте бойынша
5.	1.Тақырып бойынша ауызша жауап беру; 2.Есептер шығару; 3.Ағымдағы тестілеу.	Ағым-дағы бақылау	3.7. ұсынылған әдебиеттер тізіміне қараңыз	0-100	0-100	Жауап Конс-пект Тест	кесте бойынша
6.	1.Тақырып бойынша ауызша жауап беру; 2.Есептер шығару; 3.Ағымдағы тестілеу.	Ағым-дағы бақылау	3.7. ұсынылған әдебиеттер тізіміне қараңыз	0-100	0-100	Жауап Конс-пект Тест	кесте бойынша
7.	1.Тақырып бойынша ауызша жауап беру; 2.Тақырып бойынша НҚА тексеру; 3.Кесте құрастыру; 4.Ағымдағы тестілеу.	Ағым-дағы бақылау	3.7. ұсынылған әдебиеттер тізіміне қараңыз	0-100	0-100	Жауап Конс-пект Тест	кесте бойынша
8.	1. «Кепіл-	Ағым-	3.7.	0-100	0-100	Жауап	кесте

	міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету әдісі ретінде» іскер ойын. 2. Есептер шығару; 3. Ағымдағы тестілеу.	дағы бақылау	ұсынылған әдебиеттер тізіміне қараңыз			Конспект	бойынша
9.	1. Ағымдағы тестілеу; 2. Тақырып бойынша НҚА тексеру.	Ағымдағы бақылау	3.7. ұсынылған әдебиеттер тізіміне қараңыз	0-100	0-100	Жауап Конспект	кесте бойынша
10.	1. Тақырып бойынша ауызша жауап беру; 2. Кесте құрастыру; 3. Ағымдағы тестілеу.	Ағымдағы бақылау	3.7. ұсынылған әдебиеттер тізіміне қараңыз	0-100	0-100	Жауап Конспект Тест	кесте бойынша

## 2.6. Курс саясаты

(Сабаққа кешігіп келу және сабақты босату, босатылған сабақтарға өтем жасауға рұқсат алу шарты, аралық аттестация, өзіндік жұмыстарды кеш ұсыну, білім алушылардың аудиториядағы тәртібі және т.б.)

а) КОӨЖ кестесі бойынша барлық аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарға міндетті қатысу.

ә) сабақтарға тұрақты қатысу;

б) семинар және КОӨЖ сабақтар кезінде белсенділік таныту;

в) оқытушымен белгіленген уақытта босатылған сабақтар бойынша өтем жасау;

г) өзіндік жұмыстың барлық түрлерін уақтылы орындау.

д) тәртіпті сақтау.

Жол берілмейді:

- а) сабақтарға кешігу және кетіп қалу;
- ә) тапсырмаларды кешігіп орындау;
- б) сабақ барысында ұялы телефонды пайдалану, тақырыптан тыс әңгіме айту, сағыз шайнау;
- в) алдау және плагиат.



## 2.7. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

№	Автор, атауы	Жылы, басылым орны
1. Нормативтік-құқықтық актілер		
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылғы 30 тамыз (Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 23 наурыз Заңымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);	//http://online.zakon.kz.
2	Қазақстан Республикасының <a href="#">Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім)</a> (1994 ж. 27 желтоқсан) (01.01.2019 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
3	Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) (1999 ж., 1 шілде, N409) (01.01.2019 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
4	2015 жылғы 31 қазандағы № 377 Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі (01.01.2018 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
5	Қазақстан Республикасының <a href="#">«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы»</a> 2011 жылғы 26 желтоқсандағы N 518-IV Кодексі, (өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
6	Қазақстан Республикасының "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" 2010 жылғы 4 мамырдағы Заңы, (өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
7	Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 ж. 2 шілдедегі Заңы, (өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
8	Қазақстан Республикасының "Жеке кәсіпкерлік туралы" 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңы ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> );	//http://online.zakon.kz.
9	Қазақстан Республикасының "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" 2001 ж. 16 қаңтардағы Заңы, ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> );	//http://online.zakon.kz.
10	Қазақстан Республикасының "Саяси партиялар туралы" 2002 ж. 15 шілдедегі Заңы, ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
11	Қазақстан Республикасының "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы, ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
12	Қазақстан Республикасының "Тұтыну кооперативі туралы" 2001 ж. 8 мамырдағы Заңы, ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
13	Қазақстан Республикасының "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңы ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
14	Қазақстан Республикасының «Бәсекелестік туралы» Заңы	//http://online.zakon.kz.

	2008 жылғы 25 желтоқсан ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> );	
15	Қазақстан Республикасының «Шаруашылық серіктестіктер туралы» 1995 жылғы 2 мамырдағы Заңы, ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> );	//http://online.zakon.kz.
16	Қазақстан Республикасының "Қоғамдық бірлестіктер туралы" 1996 ж. 31 мамырдағы Заңы, ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
17	Қазақстан Республикасының «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңы, ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> );	//http://online.zakon.kz.
18	Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңы, (өзгерістер мен толықтыруларымен)	//http://online.zakon.kz.
19	Қазақстан Республикасының «Өндірістік кооператив туралы» 1995 жылғы 5 қазандағы Заңы, (өзгерістер мен толықтыруларымен)	//http://online.zakon.kz.
20	Қазақстан Республикасының "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 маусымдағы Заңы, (өзгерістер мен толықтырулармен)	//http://online.zakon.kz.
21	Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Заңы ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
22	Қазақстан Республикасының "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Заңы, ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
23	Қазақстан Республикасының «Аудиторлық қызмет туралы» 1998 ж. 20 қарашадағы Заңы, ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
25	Қазақстан Республикасының "Нотариат туралы" 1997 ж. 14 шілдедегі Заңы, ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
26	Қазақстан Республикасының «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» 2012 жылғы 13 қаңтардағы Заңы; ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
26	Қазақстан Республикасының «Байланыс туралы» 2004 жылғы 5 шілдедегі N567 Заңы, ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
28	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Пленумының «Мұрагерлік туралы заңдарды соттардың қолдануындағы кейбір мәселелер туралы» 2009 ж. 29 маусымдағы Нормативтік қаулысы	//http://online.zakon.kz.
29	Қазақстан Республикасының «Күзет қызметі туралы» 2000 ж. 19 қазандағы Заңы, ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
30	Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» 2001 ж. 13 маусымдағы Заңы.	//http://online.zakon.kz.

	<u>(өзгерістер мен толықтырулармен)</u>	
31	Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» 2011 ж. 28 қаңтардағы Заңы, <u>(өзгерістер мен толықтырулармен)</u>	//http://online.zakon.kz.
32	Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңы, <u>(өзгерістер мен толықтырулармен)</u>	//http://online.zakon.kz.
33	Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі N444 Заңы;	//http://online.zakon.kz.
34	Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы № 435 Заңы;	//http://online.zakon.kz.
35	Қазақстан Республикасының «Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2004 ж. 7 шілдедегі Заңы;	//http://online.zakon.kz.
2. Негізі әдебиеттер		
41	Назарбаев Н.А «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» 2017 жылғы 31 қаңтар Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы	Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. //http://www.akorda.kz/
42	Азаматтық құқық. Оқулық (академиялық курс)/Жауапты ред.М.К. Сүлейменов, Ю.Г.Басин.өңделген және толықтырылған екінші басылымы.	Алматы. 1-ші том.-2003.
43	Гражданское право : учебник / <u>Институт частного права</u> ; Общ.ред. <u>С. С. Алексеев</u> . – 3-е изд., перераб. и доп. –	М.: Проспект, 2013. – 528 с.
44	Гражданское право. В 2 ч. Ч. 1: учебник Авторы: под ред. В.П. Камышанского, Н.М. Коршунова, В.И. Иванова	Издательство: ЮНИТИ-ДАНА, 2012 г.
45	Мардалиев Р. Т. <u>Гражданское право: Учебное пособие.</u> – 1 издание.	Издательство «Питер» 2012 год
46	Жайлин Ғ.А. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы. Ерекше бөлім: Оқулық.	Алматы: Заң әдебиеті. 2-ші том.- 2004
47	Суханов Е.А - Гражданское право в 4-х т. т.3 обязательственное право учеб.для студентов вузов 3-е изд., перераб.и доп. - В 4 т. Т. 3: Обязательственное право	Издательство: Волтерс Клувер право - 2010 г
48	Жайлин Ғ. А. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы. Ерекше бөлім: Оқулық.	Алматы: Заң әдебиеті. 2-ші том.-2005;
49	Аубакирова Г.А..Учебное пособие – Курс лекций по гражданскому праву (ч.общая)	Караганда, 2009г.

50	Гражданское право. Том 1- Учебник для вузов (академический курс) Ответственный редактор Сулейменов М.К., Ю.Г. Басин	Алматы, 2000 год. 704 с.
51	Төлеуғалиев Ғ.И., Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы. Жалпы бөлім: Оқулық.	Алматы: Жеті Жарғы. 1 том. – 2001.
52	Қарабеков Қ.Ө., Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (жалпы және ерекше бөлімдер), Дәрістер курсы.	Қарағанды, 2012 ж.
3. Қосымша әдебиеттер		
53	Гражданское право и его роль в формировании гражданского общества / отв. ред. А.Е. Шерстобитов.	Издательство «Статут», 2013 г.
54	Покровский И.А - Основные проблемы гражданского права. 6-е изд., стереот. -351 страниц	Издательство «Статут», 2013 г.
55	Воронцов Г.А. «Гражданское право: краткий курс. За три дня до экзамена» - Учебно-метод.пособие - 190 с	Издательство: Феникс –2012 г.
56	Карапетов А.Г., Савельев А.И. Свобода договора и ее пределы. Т.1,Т.2 - 904 страниц	Издательство «Статут», 2012 г.
57	Сергеева Ю.С. Некоммерческие организации. Конспект лекций. - 79 с.	Издательство: А-Приор, 2010 г.
58	Скловский К.И Собственность в гражданском праве. 5-е изд. - 893 страниц	Издательство «Статут», 2010 г.
59	Тарасова А.Е. Правосубъектность граждан. Особенности правосубъектности несовершеннолетних, их проявления в гражданских правоотношениях. -	М.:Волтерс Клувер, 2008
60	Химичев В.А. Осуществление и защита гражданских прав при несостоятельности (банкротстве) - Страниц: 240	Издательство: Волтерс Клувер - 2006 г.
61	Дмитрик Н.А. Осуществление субъективных гражданских прав с использованием сети Интернет - 2006 г.	Издательство: Волтерс Клувер - 2006 г.
62	Красавчиков О.А. – Категории науки гражданского права - Т. 2 Серия: Классика российской цивилистики - Страниц: 494	Издательство: Статут, 2005
4. Ғаламтор көздері		
63	Гражданское право. Ч. 1: учебник / отв. ред. В.П. Мозолин, А.И. Масляев // Консультант Плюс Версия Проф. [Электронный ресурс]. —	М.: ОАО «Консультант Плюс», 2008.
64	Гражданское право. Ч. 2: учебник / отв. ред. В.П. Мозолин, А.И. Масляев // Консультант Плюс Версия Проф. [Электронный ресурс]. —	М.: ОАО «Консультант Плюс», 2008.
65	Гражданское право. Ч. 3: учебник / отв. ред. В.П. Мозолин, А.И. Масляев // Консультант Плюс Версия Проф. [Электронный ресурс]. —	М.: ОАО «Консультант Плюс», 2008.
66	Гражданское право. Ч. 1. [Электронный ресурс]: учебный курс / М.А. Волкова. — Электронный курс.	М.: МИЭМП, 2008. — Режим доступа к курсу: <a href="http://e-college.ru">http://e-college.ru</a>

67	Гражданское право. Ч. 2. [Электронный ресурс]: учебный курс / М.А. Волкова. — Электронный курс.	М.: МИЭМП, 2008. — Режим доступа к курсу: <a href="http://e-college.ru">http://e-college.ru</a>
68	Гражданское право: учебник / отв. ред. Е.А. Суханов // Консультант Плюс Версия Проф. [Электронный ресурс]. —Т. 1.	М.: ОАО «Консультант Плюс», 2008.
69	Гражданское право: учебник / отв. ред. Е.А. Суханов // Консультант Плюс Версия Проф. [Электронный ресурс]. — М.: ОАО «Консультант Плюс», 2008. — Т. 2.	М.: ОАО «Консультант Плюс», 2008.

«Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (жалпы бөлім)» курсы  
бойынша Заң институты КОФ-тің 2-курс (2017 ж.а.) курсанттары үшін  
2018-2019 оқу жылының 3 семестріне арналған  
**ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР**

Кредит саны – 2 (90 сағат)

№ р/с	Тақырып-тың нөмері	Тақырыптар атауы	Аудиторлық сағаттар			КӨОЖ	Барлығы
			Дәрістер	Семи- нарлар	Практика лық сабақ		
1.	1.	Азаматтық құқық ұғымы. Азаматтық құқық қағидалары. Азаматтық заңнама және оның жүйесі	1	1		1	3
2.	2.	Азаматтық-құқықтық қатынастар	1	1		1	3
3.	3.	Азаматтық құқық субъектілерінің ұғымы мен түрлері. Азаматтар-азаматтық құқықтың субъектілері ретінде	1	1		1	3
4.	4.	Занды тұлғалар	3	3		3	9
5.	5.	Азаматтық құқықтар объектілері	1	1		1	3
6.	6.	Мәмілелер	1	1		1	3
7.	7.	Азаматтық құқықтағы мерзімдер. Талаптың ескіру мерзімі	1	1		1	3

8.	8.	Меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар	2	2		2	6
9.	9.	Міндеттемелік құқық	3	2		2	8
10.	10.	Азаматтық құқықтағы шарттың ұғымы	-	1		1	1
11.	11.	Азаматтық-құқықтық жауапкершілік	1	1		1	3
		<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>15</b>	<b>15</b>		<b>15</b>	<b>45</b>

**Тақырыптық жоспар кафедраның отырысында талқыланып, мақұлданды. 2019 ж.**  
**«\_\_» сәуір № хаттама**

**Сабақтарды өткізу кезектілігі: дәріс –семинар- КООЖ**

## 2.8. Сабақтар жоспары

1 - тақырып. Азаматтық құқықтың ұғымы. Азаматтық құқықтың қағидалары. Азаматтық заңнама және оның жүйесі

Дәріс-1 сағат

### ЖОСПАР:

1. Азаматтық құқықтың ұғымы, оның пәні мен әдістері. Азаматтық құқықтың ПО қызметіндегі рөлі.
2. Азаматтық құқықтың қағидалары.
3. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы.

Дәріс тезистері:

Азаматтық құқыққа жалпы сипаттама. Азаматтық құқықтың пәні, мүліктік және мүліктік емес қатынастар. Азаматтық құқықтық реттеу тәсілдері. Азаматтық құқықтың қағидалары. Азаматтық құқық жүйесі.

Азаматтық құқық пәні. Құқық теориясы курсынан белгілі болғандай, құқық нақты жүйе құрады, оның ең үлкен буындары құқықтың салалары деп аталады. Құқық салаларын шектеу белгілері ретінде әдетте құқықтық реттеу пәні мен әдісін қолданады. Пән мен әдіс көмегімен азаматтық құқықты қазақстандық құқықтың жүйесінен бөліп алып оқырмандардың азаматтық құқық туралы көзқарасының қалыптасуына әкелетін ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Кез келген сала сияқты азаматтық құқықта қоғамдық қатынастарды реттейтін және қалыптастын құқықтық нормалардан тұрады.

Бірақ та азаматтар қатысатын қатынастардың барлығы да азаматтық құқықпен реттелмейді, сонымен қатар азаматтық құқық, азаматтар мүлде қатыспайтын қоғамдық қатынастарға да әсер ете алады. Азаматтық құқық нормалары өндірілген өнімді сатып алу, оны теміржол, теңіз, өзен немесе әуе жолдары арқылы тасымалдау, осы жүкті сақтандыру, тасымалданған жүк үшін төлемдер алу және т.б. қоғамда кездесетін тараптар арасындағы қатынастарды реттейді.

Азаматтық құқық реттейтін қоғамдық қатынастар шеңбері өте кең және әртүрлі, сондықтан оларды толықтай атап өту мүмкін емес. Бұны істеудің қажетіде жоқ, өйткені азаматтық-құқықтық ғылымының пәніне азаматтық құқық реттейтін қоғамдық қатынастардың барлығын нақтылықпен атап өту кірмейді, оған азаматтық құқық деп аталатын саланың бір пәнінде олардың барлығын біріктіруге мүмкіндік беретін жалпы қасиеттерін анықтау жатады.

Азаматтық құқықтың пәні болып мүліктік және мүліктік емес қатынастар табылады. Азаматтық құқықтың мүліктік қатынастармен айналысатыны бірден көзге түседі. Мүліктік қатынастар деп әдетте түрлі материалдық қажеттіліктер,



яғни заттар, жұмыстар, қызметтер және басқа мүліктер жайында туындаған қоғамдық қатынастарды айтады.

Бірақ азаматтық құқық біздің қоғамда пайда болатын барлық мүліктік қатынастарды реттемейді, ол тек қана мүліктік-бағалы қатынастар деп аталатын нақты бөлігін ғана реттейді.

Дамыған ақша жүйесі шарттарында мүліктік-құнды қатынастардың негізгі көлемін тоуарлық-ақшалы қатынастары құрады. Біздің қоғамда бар товарлық-ақшалы қатынастардың өте тез дамуы оларға адекватты құқықтық нысан қолданған кезде ғана мүмкін бола алады.

Азаматтық заңдылыққа сәйкес азаматтық құқық пәнінің екінші бір құрамдас бөлігі жеке мүліктік емес қатынастар қарастырады. Өзіне тән белгілеріне сәйкес жеке мүліктік емес қатынастар ең аз дегенде екі қасиетке сүйене отырып келесі түрлерде сипатталады. Біріншісі, көрсетілген қатынастар мүліктік емес қажеттіліктер негізінде көрініс табады, мысалы ар, намыс, іскерлік бедел, азамат аты, авторлық шығарма, өндірістік үлгі, т.б. жайында туындайды. Екіншіден, жеке мүліктік емес мүлікпен байланысты қатынастар (мәселен бұған белгілі бір құқықтар жатқызылады). Бұл қатынастарда азаматтардың немесе ұйымдардың даралығы көрініп, олардың әлеуметтік қасиеттерін бағалау жүргізіледі.

Пәннің осы екі құрамдас бөліктерінің сыртқы қарама-қайшылығына қарамастан, мүліктік-құнды және жеке мүліктік емес қатынастарды азаматтық құқық деп аталатын салада біріктіретін жалпы қасиеттің анықтау керек.

Мүліктік-құнды қатынастарға қатысушылар осы қатынастарды құрған материалдық қажеттіліктер болып табылатын еңбектің саны мен сапасын өзара бағалай алады деп анықтайды. Жеке мүліктік емес қатынастар өз кезегінде осы қатынастарға қатысатын азаматтардың, тұлғаның дара қасиеттерін өзара бағалай алады деп есептейді.

Азаматтық-құқықтық реттеу әдістері. Азаматтық құқық пәнінің түсінігі азаматтық құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастар туралы мәселелермен байланысты болса, әдіс түсінігі осы қоғамдық қатынастардың азаматтық құқық нормаларымен қалай реттелетіні туралы мәселелермен байланысты. Сондықтан құқықтық реттеу пәні мен әдісі арасында қатты байланыс бар. Әдіс құқықтық реттеу пәнінің ерекшеліктерімен қайта анықталады.

Азаматтық құқық пәнін құрайтын қоғамдық қатынастар өзара бағалау сипатына ие. Қоғамдық қатынастарға қатысушылардың өзара бағалауы тек қана бағалаушы тараптар тең болғанда ғана қалыптаса алады. Сондықтан мүліктік-құнды және жеке мүліктік емес қатынастар тараптардың теңдік негізінде реттелсе ғана толық дами алады. Қорытындылай келсек, азаматтық құқықтарда тараптардың заңдық теңдігі әдісі қолданылады. Азаматтық құқықта бұны диспозитивтік қағида деп қарастырады.

Азаматтық құқықта тараптардың теңдігі дегеніміз – екі қатынасқа түсуші тараптың ешқайсы да азаматтық құқықтық қатынастарда өзінің осы құқықтық қатынастарда алатын орнын жоғары қоя алмаушылығымен айрықшаланады. Тараптардың заңдық теңдік әдісін қолдану азаматтық құқықтық қатынастарға

қатысушыларға тәуелсіздік қамтамасыз етеді, заңмен рұқсат етілген кез келген әрекеттер орындауға мүмкіндік береді. Бұл нарықтық экономика шарттарында азаматтық айналымның дамуы үшін өте маңызды.

Осылайша, азаматтық құқық деп тараптардың заңдық теңдігі бастауларында мүліктік-құнды және жеке мүліктік емес қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығын қарастырамыз.

Азаматтық құқық қағидалары түсінігі. Азаматтық құқық қағидалары деп қоғамдық қатынастарды азаматтық-құқықтық реттеудің негізгі бастауларын айтады. Азаматтық құқық қағидалары бүкіл азаматтық заңдылықтарды қамтиды, оның ең маңызды қасиеттерін сипаттайды. Сондықтан азаматтық заңдылықтардың нормаларын түсіну және қолдану азаматтық құқықтың жалпы қағидалары ескергенде ғана жүзеге асырылуы мүмкін

Азаматтық құқық қағидалары бүкіл азаматтық заңдылықтарды қамтып қана қоймай, азаматтық заңдылықтардың толық көлемін қамти отырып, АҚ 2 бабында көрініс тапқан.

Азаматтық құқық қағидалары, азаматтық қатынастарды заңдылық қарастырмаған жағдайларда, құқық аналогияны негізінде қолдануданылады, яғни, азаматтық құқықтың нақты нормасымен реттелмеген қоғамдық қатынастарды реттеу үшін азаматтық заңдылықтардың негізгі бастаулары азаматтық құқық қағидалары қолданылады. Азаматтық құқықтың мынандай қағидалары бар:

1. Азаматтық құқықтар құқық қатынасқа түсуші тараптардың теңдігілігін;
2. Меншікке қол сұқпаушылық;
3. Жеке істерге рұқсатсыз кіріспеушілік;
4. Келісімнің, шарттың еріктілік қағидасы және т.б.

Азаматтық құқық жүйесі. Тараптардың заңдық теңдігі негізінде мүліктік-бағалы және жеке мүліктік емес қатынастарды реттейтін азаматтық құқықтық нормалары ретсіз есем, олар нақты жүйеде орналасқан. Азаматтық құқық жүйесі объективті тұрғыда құрылған және азаматтық құқық пәніне кіретін қоғамдық қатынастардың өзіндік ерекшелігіне негізделген. Көптеген азаматтық құқық пәніне кіретін қоғамдық қатынастардың жалпы қасиеттері оларды құқықтық реттелуінің бірегейлігін, ал осы қатынастардың нақты түрлерінің кейбір сипаттамалары олардың құқықтық реттелуінің дифференциациясын қайта анықтайды. Азаматтық құқық жүйесі бойынша екі бөлімге бөлінеді, олар жалпы және ерекше бөлім. Азаматтық құқық бөлімінің пәніне кіретін қоғамдық қатынастардың бір сипаттылығы кез келген мүліктік-бағалы және жеке мүліктік емес қатынастарды реттеу кезінде қолданылатын азаматтық құқық нормаларын бөліп алуға мүмкіндік береді. Бұл құқықтық нормалардың жиынтығы азаматтық құқықтың жалпы бөлігін құрайды. Ол салалық реттеу пәнінің бір түрін көрсетіп, барлық салалық нормалар үшін біріктіруші бастау ретінде қызмет етеді, олардың заңды мазмұнының жалпылығын анықтайды. Жалпы бөлік табиғаты бірдей қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуде қарама-қайшылықтарды болдырмауға және азаматтар мен ұйымдардың әрекеттерінің жеке салаларында пайда болатын қоғамдық қатынастарды

азаматтық-құқықтық реттеудің қажетті бірегейлігін қамтамасыз етеді. Жалпы бөлім азаматтық құқықтың жалпы ережелерін, меншік және өзгеде заттық құқықтарды, міндеттемелік құқықтарды, шарт жөніндегі жалпы ережелерді қарастырса, ерекше бөлім міндеттемелердің жекелеген түрлерін, интеллектуалдық меншік құқығын, мұралық құқық және халқаралық жеке құқық қатынастарын зерделейді.

#### Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

1, 2, 4, 5, 16, 17, 18, 19, 20, 24, 36, 27, 35, 39

1 - тақырып. Азаматтық құқықтың ұғымы. Азаматтық құқықтың қағидалары.  
Азаматтық заңнама және оның жүйесі

Семинар – 1 сағат

#### ЖОСПАР

1. Азаматтық құқық: құқық саласы, ғылым және оқу пәні.
2. Азаматтық құқықтың ұғымы және пәні. Мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастар.
3. Нарықтық жағдайдағы мүліктік қатынастарды құқықтық реттеудің мәселелері.
4. Азаматтық құқықтың жүйесі.
5. Азаматтық құқықтың қайнар көздері.

Тапсырма: ауызша жауап дайындау.

#### Әдістемелік ұсынымдар:

Бұл тақырыпты қарастыру барысында негізгі зейінді азаматтық құқықтың пәніне кіретін мүліктік және жеке мүліктік емес элементтерді қарастыруға аударған жөн, себебі осы екі элементті жетік түсінсеңіз азаматтық құқықтың жүйесін және реттеу әдісін жетік түсінуге жеңіл болады. Азаматтық құқықтың қайнар көздері тақырыбының сұрақтарын талқылау барысында, алдымен азаматтық заңдылықтың жалпы қайнар көздерін жеке – жеке талдау арқылы олардың өзара айырмашылықтары мен негізгі азаматтық қатынастарды реттеудегі алатын орындарын зерттеңіз. Кейін заңдарды, шарттарды және азаматтық қатынастарды реттеуші салттарды құрылымдары мен әрекет ету ерекшеліктерін зерделеулері қажет. Сонымен қатар азаматтық заңдардың аналогиясы қалай және қандай жағдайларға сәйкес қолданылатындығын анықтаулары керек. Талқылауға қатысты сұрақта олардың түрлері мен жіктелу жағдайларына көңіл бөлген.

#### Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

1, 2, 4, 5, 16, 17, 18, 19, 20, 24, 236, 27, 35, 39

1 - тақырып. Азаматтық құқықтың ұғымы. Азаматтық құқықтың қағидалары.  
азаматтық заңнама және оның жүйесі.

## Есептер шығару

### 1-есеп

Азамат Жаппасов заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысады. 2011 жыл үшін салық төлемеді, өзіне меншік құқығы бойынша тиесілі тұрғын үйді сақтандыру бойынша сақтандыру жарнасын төлеген жоқ.

Осы пайда болған қатынастар азаматтық құқық нормаларымен реттеледі ме?

### 2-есеп

Зауыт директорымен шарт бойынша құрылыс трестының жұмыскерлері Семенов пен Антонов демалыста зауыт профилакторийін жөндеу бойынша жұмыстар атқарды. Жұмыс істеу барысында Антонов еңбек қабілеттілігін жоғалтуға соқтырған ауыр дене жарақатын алды (циркулярлы арамен), Семенов оны көріп, жедел ауруханаға жеткізді. Нәтижесінде Антоновтың қолы буынына дейін кесілді.

Осы қатынастар қандай құқық саласымен реттеледі: азаматтық немесе еңбек.

### 3-есеп

Кәсіпкер Синирин 2010 жылы тамызда Ивановқа өзіне тиімсіз жағдайлармен баласын қорқытып автомобильін сатып алды. Иванов бірнеше рет телефон шалып, қорқытып жүрді, соңғы рет – 2011 жылы маусымда хабарласты. 2012 жылғы тамызда Синирин сотқа мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап арызбен сотқа жолданбақшы болды. Бірақ таныс заңгер оған ҚР АҚ-нің 162 бабының 2-тармағына сәйкес бір жылдық талаптың ескіру мерзімі өтіп кеткендіктен мүмкін еместігін айтты.

Пайда болған қатынастарды қандай заңнамамен реттеген жөн. Заңгердің жауабына түсінік беріңіз.

### 4-есеп

Говоров жүзік тауып алды. 2005 жылғы шілдеде ол жүзікті қыз баласына сыйға тартты, ол оны ашық тағып жүрді. 2012 жылы қыркүйекте Козлова өзі бірнеше жыл бұрын жоғалтып алған жүзігін Говоровтың қыз баласынан қайтаруды талап етті.

Жауапкердің өкілі талапқа қарсылық білдірді, себебі Говоровтың қыз баласында меншік құқығы иелену мерзімі бойынша пайда болған. Сондықтан соттан талапты қанағаттандырмауды сұрады.

Осы жағдайда ҚР АҚ-нің нормалары қолданылады ма? Сот қандай шешім шығарады?

### 5-есеп

Қазақстан Республикасының азаматы Зотов Ресейге ұзақ емделу үшін барды, онда бір жыл тұрып қайтыс болды. Ал Зотовтың ұлы мұра қабылдау үшін Қостанай қаласына келді. Мұраның құрамына жер участогі де кірді. Жер кодексіне сілтеме жасай отырып оған мұраны рәсімдеуден бас тартты. Ал

мұрагер бұл қарым-қатынаста Азаматтық кодекс нормалары қолданылуы керек, сонымен қатар мұрагерлік бойынша мұра қалдырушы соңғы тұрған елдің заңы, яғни Ресей Федерациясының құқығы қолданылу керек деді.

Зотовтың ұлының пікірі құқыққа сай ма?

#### 6-есеп

Азаматтық заңнаманың диспозитивтік және императивтік нормаларына 5 мысалдан келтіріңіз.

Өз таңдауыңызды негіздеңіз.

Өткізу нысаны: ауызша жауап.

Әдістемелік ұсынымдар:

1. Негізгі әдебиеттерді оқып-білу;
2. Қосымша әдебиеттермен танысу;
3. Нормативтік актілердің негізгі ережелерін, дәріс сабақтарының сұрақтарын конспектілеу;
4. Есептерді жазбаша шығару және жауабын айтуға дайын болу немесе тест тапсырмаларын шешу.

Ұсынылған әдебиеттердің тізімі

1, 2, 4, 5, 16, 17, 18, 19, 20, 24, 236, 27, 35, 39

1 - тақырып. Азаматтық құқықтың ұғымы. Азаматтық құқықтың қағидалары. азаматтық заңнама және оның жүйесі.

КӨЖ – 3 сағат

1-тапсырма

#### КЕЛЕСІ ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША РЕФЕРАТ ҚОРҒАУ

1. Қазіргі кездегі негізгі азаматтық-құқықтық жүйелер.
2. Азаматтық кодекс: оның мәні, құрылым, азаматтық құқықтың басқа да қайнар көздерінің арасындағы орны.
3. Сот прецеденті –Англияның азаматтық құқығының қайнар көзі ретінде.
4. Азаматтық заңнаманың уақытта, кеңістікте және тұлғалардың шеңбері бойынша әрекет етуі.

2-тапсырма

Азаматтық құқықтың қайнар көздерінің сызбасын құрастырыңыз. Азаматтық заңнаманың ұқсастығы бойынша қолданылуына мысал келтіріңіз.

Өткізу нысаны: дәптердегі жазбаша жұмыс, ауызша жауап.

Өзін-өзі бақылау үшін материалдар

## Өзін-өзі бақылау үшін тест тапсырмалары

### 2-тақырып. Азаматтық-құқықтық қатынастар

дәріс — 1 сағат

#### ЖОСПАР:

1. Азаматтық-құқықтық қатынастар түсінігі мен құрылымы.
2. Азаматтық-құқықтық қатынастардың пайда болу негіздері.
3. Азаматтық-құқықтық қатынастардың түрлері.

#### Дәріс тезистері:

Азаматтық құқықтық қатынас түсінігі және олардың түрлері. Азаматтық құқықтық қатынастар элементтері. Азаматтардың құқық қатынастарының мазмұны. Азаматтық құқықтық қатынастарының жіктелуі. Азаматтық құқықтық қатынастардың пайда болу, жойылу және өзгеру негіздері

Түрлі нормативті актілердегі азаматтық-құқықтық нормалар азаматтық құқық пәнін құрайтын қоғамдық қатынастарды реттеуге шақырылған. Азаматтық-құқықтық реттеу механизмін ашуда басты рольды азаматтық құқықтық қатынас түсінігі атқарады.

Қоғамдық қатынастардың азаматтық құқық нормаларын реттеу нәтижесінде олар құқықтық нысанды иемденіп, азаматтық құқықтық қатынасқа айналады. Азаматтық құқықтық қатынас – бұл азаматтық құқық нормасымен реттелген қоғамдық қатынас. Оның пәніне мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастар кіреді. Мүліктік қатынастарды азаматтық құқықпен реттеу нәтижесінде азаматтық мүліктік құқық қатынастары туындайды. Егер жеке мүліктік емес қатынастар азаматтық құқық нормаларымен реттелмесе, жеке мүліктік емес құқық қатынастар тағайындалады.

Азаматтық құқық ең алдымен, қоғамның экономикалық базисі төңірегіндегі жатқан мүліктік қатынастармен байланысты. Олардың құқықтық реттелуі азаматтық құқықтық қатынастарда көрінбейтін бірқатар ерекшеліктермен сипатталады.

Азаматтық құқықтық қатынастардың ерекшеліктері. Азаматтық құқық пәніне кіретін қоғамдық қатынастар тараптардың заңдық теңдігі әдісімен реттеледі. Тараптардың заңдық теңдігі азаматтық құқықтық қатынастың негізгі қасиеті болып табылады. Осы қасиеттің жойылуынан құқықтық қатынас табиғаты да өзгереді. Азаматтық құқықтық қатынас оның құрамы мен элементтері түрінде қарастырылады, оларға құқықтық қатынастың мазмұны, нысаны, субъектілері мен объектілері кіреді.

Азаматтық құқықтың элементтерін талқылайтын болса алдымен қатынасқа түсуші тараптары, яғни азаматтық құқықтық қатынас субъектілерінің құқықтық жағдайына зейін салу керек. Азаматтық құқық қатынас субъектілері деп қатынасты қалыптастырушы тарапды қарастырамыз. Негізінен оларды басты үш түрге жіктеуге болады жеке тұлғалар, заңды тұлғалар және мемлекет деп. Азаматтық құқық қатынас адамдар арасында қалыптасады. Сондықтан субъект

түрінде жеке индивидтер, әйтпесе белгілі бір адамдар ұйымы көрінеді. Біздің елде субъект түрінде тек Қазақстан Республикасының азаматтары ғана емес, шет ел азаматтары жеке азаматтығы жоқ тұлғалар бола алады.

Сонымен, азаматтық құқық қатынас субъектілері мыналар:

1. Қазақстан азаматтары, шет ел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар
2. Қазақстандық және шет елдік заңды тұлғалар
3. Қазақстан республикасы, әкімшілік-территориялық бірлестер

Азаматтық құқық қатынас объектілері. Азаматтық құқық қатынас объектісі түрінде оның субъектілерінің материалдық және жеке материалдық емес игіліктерге бағытталған әрекеттері мен нақты азаматтық құқықты қалыптастырушы жағдайларды жатқызамыз. Азаматтық мүліктік құқықтық қатынастың спецификасы оның мүшелері өз әрекеттері мен тек бір-біріне ғана емес, белгілі бір материалдық игіліктерге әсер ете алатындығында. Жалпы азаматтық құқықтың объектілерін мынандай түрлерге жіктеу арқылы зерттеуге болады: мүлік – зат сипатындағы, мүліктік емес қатынастар, жұмыс және қызымет, ақпатар, интеллектуалдық меншік нәтижелері. Мүліктік қатынас деп мүліктік-құнды қатынастарға қатысушылар осы қатынастарды құрған материалдық қажеттіліктер болып табылатын еңбектің саны мен сапасын өзара бағалай алады деп анықтайды. Жеке мүліктік емес қатынастар өз кезегінде осы қатынастарға қатысатын азаматтардың, тұлғаның дара қасиеттерін өзара бағалау жағдайларын қарастырған.

Азаматтық құқықтың тағы бір қажетті элементтінің бірі ретінде мазмұны қарастырылады, мазмұны деп осы азаматтық қатынасты қалыптастырушы тараптардың арасындағы негізгі құқықтары мен міндеттерін айтамыз. Ал азаматтық құқықтың нысаны деп осы жоғарыдағы жағдайларды рәсімдеу тәртібін айтамыз, мысалы азаматтық қатынасты ауызша немесе жазбаша нысанда рәсімдеуге болады.

Азаматтық қатынастар тақырыбын қарастыруда тағы бір зейін сала кететін жағдай ол азаматтық қатынастарды жіктеу болып табылады. Азаматтық қатынастарды мынандай түрлерге жіктеуге болады:

- Азаматтық құқық көлеміне байланысты: мүліктік және жеке мүліктік емес;
- Реттеу тәсіліне байланысты: заттық және міндеттемелік;
- Тұлғаның құқықтық жағдайына байланысты: абсолютті және салыстырмалы;
- Қатысушылардың арасындағы құқықтық жағдай бойынша: күрделі және қарапайым болып бөлінеді.

Азаматтық құқықтық қатынастардың пайда болу негіздері. Азаматтық заңдағы құқықтық нормалар өз бетімен азаматтық құқықтық қатынастарды тудырмайды, өзгертпейді және жоймайды. Ол үшін құқықтық нормалармен қарастырылған жағдайлар туындауы қажет, оларды азаматтық заңды дерек деп атаймыз. Сондықтан заңдық деректер құқықтық норма мен азаматтық құқық қатынас арасындағы байланыстырушы бөлік түрінде көрінеді. Заңдық дерексіз